ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 мамыр Іс №7119-24-00-2/5710 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Есибаев К.Б. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 «Жанарым» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«A J Group» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 9 наурызында Талапкер/Тапсырыс беруші мен жауапкер арасында 27 000 теңге сомаға тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, ол бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізу міндеттенді.

Алайда, осы уақытқа дейін жауапкер шарттық міндеттемелерін орындамайды, атап айтқанда тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін

білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған)

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 31.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Бакишев А. Б., 02.08.2024

жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс (7.4 тармағы).

Сот анықтағандай, жауапкер шарттың белгіленген мерзімде шарт бойынша тауарды жеткізбеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір теріс салдарлардың туындауына әкеп соққан.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№72 «Жанарым» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «A J Group» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«A J Group» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«A J Group» жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «№72 «Жанарым» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 378 теңге тұрақсыздық айыбы және 11 теңге мемлекеттік баж өндірілсін, барлығы 389 (үш жүз сексен тоғыз) теңге.

«A J Group» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 31.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Бакишев А. Б., 02.08.2024

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 31.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Бакишев А. Б., 02.08.2024

7119-24-3-1/5151